

### МЕРУЕРТ ӘБУСЕЙТОВА – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ШЫҒЫСТАНУДЫҢ ӨЗЕГІ

*Қазақстандық шығыстанудың дамуына елеулі үлес қосқан, Егемен Қазақстанның ғылыми әлеуетін шыңдай түскен ғалым, ұзақ жылдар бойы Шығыстану институтын басқарып, ғылыми мектебін қалыптастыра алған ғалым Меруерт Қуатқызы Әбусейтова туралы редактор бағанасын бастағым келеді.*



Белгілі ғалым, тарихшы-шығыстанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, «Парасат» орденінің иегері Әбусейтова Меруерт Қуатқызы биыл 70 жасқа толды.

Өнегелі отбасынан шыққан Меруерт Қуатқызы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетін 1974 жылы бітіргеннен кейін, Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Шығыстану институтының аспирантурасы мен докторантурасында шығыс қолжазбаларына негізделген зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми жұмыстарын қорғап шығады. Күрделі ізденіс негізінде Меруерт Қуатқызы ағылшын тілімен қатар парсы және түрік тілдерін меңгеріп алады.

Аспирантураны бітірген соң Қазақстан Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография институтының Шығыстану бөлімінде кіші, аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі (1978-1992 жж.) болып қызмет атқарады.

XX ғасырдың екінші жартысында Ғылым академиясында шығыстану саласында тарихшылар, лингвистер, әсіресе түркологтар, археологтар мен этнографтар қызмет етті. Қазақ шығыстануының іргетасын қалаған да солар. Мұндай мамандардың қатарына Ю.А.Зуев, В.П.Юдин сияқты көрнекті тарихшылар жатады. Бұл ғалымдардың, әсіресе ұстазы Вениамин Юдиннің ғылыми

---

мұрасын дәріптеу бойынша жасалған еңбектің көп бөлігі Меруерт Қуатқызына тиесілі.

Меруерт Қуатқызының шығыстанудағы жетістіктері баршаға да мәлім. Меруерт Қуатқызы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтын 1998 - 2013 жылдар аралығында басқарды. 2013 жылдан бастап – Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты жанындағы Тарихи материалдарды зерттеу бойынша республикалық ақпараттық орталықтың директоры қызметін атқарып келеді.

М.Қ.Әбусейітованың шығыстану ғылымының дамуына қосқан жеке үлесі орасан. Шетелдік қорларда сақталып келген жаңа, зерделенбеген жазба, мұрағат және визуалды дереккөздерді алғаш рет тапты. Парсы және түркі тілдеріндегі жазбаша дереккөздерді зерттеуге арналған қазақ, орыс, ағылшын, француз, түрік және парсы тілдерінде жарық көрген 300 басылым ғылыми айналымға енгізілген. Оның ішінде 10 монография және 3 оқу құралының авторы, 5 бағдарлама аясында 50 жобаның жетекшісі болды. М.Қ.Әбусейітованың тікелей жетекшілігімен ЮНЕСКО, ИЫҰ, IR-CICA, Ислам әлемі ғылым академиясы, Ф.Эберт қоры, USAID және т.б. демеушілігімен 60-тан астам халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар өткізіліп, конференция материалдарының жинақтары шығарылды.

Сонымен қатар Меруерт Әбусейітованың ғылыми қызметінің ең маңызды нәтижесі ретінде өзіндік шығыстану ғылыми мектебінің құрылуы болды. Бұл ғылыми мектептің өкілдері – Қазақстанда ғана емес, шетелде де танымал көптеген тарихшы-шығыстанушы ғалымдар.

Қазақстан Республикасы Президенті жаңындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты атынан Меруерт Қуатқызын 70-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, шаңырағыңызға аман-саулық пен бақыт, бойыңызға рухани күш-қуат, шығармашылық белсенділік пен табысты еңбек тілейміз!

---